

DEXP

Пайдаланушы нұсқаулығы

**Электр қысқаштар
DEXP HC-1900C**

Құрметті сатып алушы!

«DEXP» маркасымен жасап шығарылатын өнімдерді таңдағаныңыз үшін сізге алғысымызды білдіреміз. Біз жоғары сапаға, функционалдылыққа және дизайнға қойылатын талаптарға сәйкес әзірленген және жасап шығарылған бұйымдарды және құрылғыларды ұсынғанымызға қуаныштымыз. Пайдаланар алдында қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ осы өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау бойынша ұсыныстарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықты күтіп ұстаңыз және өнімді болашақта пайдаланғанда оны анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Құрылғының мақсаты

Электр қысқаш — шаштарды бұйралауға арналған құрылғы.

Сақтық шаралары


- Аспапты қуат көзіне жалғамас бұрын, үйдегі электр желісінің кернеуі техникалық сипаттамаларға сәйкес келетініне көз жеткізіп алыңыз.
- Құрылғыны судың жанында пайдалануға болмайды. Құрылғыны ваннада, душта, бассейнде немесе ылғалдылығы жоғары басқа бөлмелерде пайдаланбаңыз.
- Пайдалану аяқталғаннан кейін құрылғыны электр желісінен ажыратыңыз.
- Құрылғы балалардың және физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі адамдардың пайдалануына, тек олардың қауіпсіздігіне жауапты бақылау жүргізетін басқа жандар жүзеге асырған жағдайларды қоспағанда пайдалануына арналмаған.
- Балаларға осы құрылғымен ойнауға рұқсат бермеңіз.
- Осы нұсқаулықта сипатталғаннан басқа мақсаттар үшін құрылғыны пайдаланбаңыз.
- Қосуды тұрған құрылғыны қараусыз қалдыруға болмайды.
- Басқа өндірушілердің керек-жарақтарын немесе детальдарын пайдалануға тыйым салынады. Осындай керек-жарақтар мен детальдарды пайдаланған кезде кепілдік міндеттемелер күшін жоғалтады.
- Желілік сымын құрылғының сыртына орауға болмайды.
- Құрылғыны жинар алдында суытыңыз.
- Құрылғыны пайдалану кезінде сақ болыңыз, себебі ол өте ыстық болуы мүмкін. Құрылғыны тек қана сабынан ұстаңыз, өйткені оның басқа бөліктері тым ыстық болуы мүмкін. Теріге жанасуынан сақ болыңыз.
- Әрқашан құрылғыны ыстыққа төзімді, тұрақты да тегіс бетке орналастыру керек. Ыстық қыздырғыш пластиналар бетіне немесе басқа да тұтанатын материалдарға жанаспауы тиіс.
- Желілік сымын құрылғының басқа ыстық бөліктеріне тигізбеңіз.
- Құрылғыны суланған қолмен ұстауға тыйым салынады.
- Қосуды құрылғыны жылдам тұтанатын объектілерден және материалдардан аулақ ұстаңыз.
- Құрылғыны тек құрғақ шаштарға пайдаланыңыз.

- Әлі суымаған құрылғының бетін (мысалы, сүлгімен немесе киіммен) жабуға болмайды.
- Қыздыратын пластиналарын тазалықта ұстаңыз. Оларды шаңнан тазалап отырыңыз. Құрылғыны шаш әрлеуге арналған құралдармен бірге пайдалануға тыйым салынады.
- Қыздырғыш элементтің арнаулы жабыны бар. Уақыт өте келе ол жабыны тозуы мүмкін. Бұл құрылғының жұмысына аса ықпал ете қоймайды.
- Құрылғыны боялған шашқа қолданған кезде, қыздыру тақталарында дақтар пайда болуы мүмкін.
- Құрылғыны жасанды шашқа арнап қолданбас бұрын, шашты сатып алған сауда орнындағы мамандармен кеңесіп алыңыз.
- Құрылғыны ақаулығы табылғанда немесе сымы бүлінгенде пайдалануға болмайды.
- Құрылғыны жөндеу немесе тексерту үшін тек қана авторизацияланған сервистік орталыққа жүгінген жөн болады. Біліктілігі жоқ тұлғаға жөндету пайдаланушы үшін аса қауіпті жағдайлар туғызуы мүмкін.
- Электр тогымен жарақаттануға жол бермеу үшін саңылауларына металл заттарды салмаңыз.

Техникалық сипаттамалар

- Моделі: HC-1900C.
- Қуаты: 25 Вт.
- Желінің параметрлері: 220-240 В, 50 Гц.
- Қысқаштар диаметрі: 19 мм.
- Қыздырудың максималды температурасы: 180 °С.
- Керамикалық жабыны.
- Іліп қоюға арналған ілмек.
- Термооқшауланған ұштығы.
- Айналымалы желілік сым.
- Желілік сымның ұзындығы: 1.8 м.
- Қолданылу аясы: тұрмыстық.

Құрылғының сұлбасы



1. Ұштық.
2. Бұйралауыш қыздыратын элемент (диаметр - 19 мм).
3. Фиксатор.
4. Тұғыры.
5. Фиксатор тұтқасы.
6. Қосылғанды көрсететін жарық индикатор.
7. Ауыстырғыш Қос./Өшір. («0/1»).
8. Тұтқа.
9. Айналма баусым.

Құрылғыны пайдалану

1. Құрылғыны электр желісіне қосыңыз.
2. Қосқышты «Қосулы» күйіне ауыстыру арқылы құрылғыны қосыңыз.»(қосудың жарық индикаторы жанады).
3. Шашты бөліп, ысырманың тұтқасын басып, қыздыру элементі мен ысырманың арасына салыңыз.
4. Фиксатор тұтқасын босатыңыз, шашты орап алыңыз.
5. Қыздырғыш элементке жіптерді бұрағаннан кейін, құрылғыны 5-8 секунд ұстап тұрыңыз (шаштың ұзындығы мен құрылымына, сондай-ақ бұйралаудың қандай нұсқасын жасағыңыз келетініне байланысты).
6. Шаш сәндеу алдында шашыңызды суытыңыз.
7. Пайдалану аяқталғаннан кейін құрылғыны өшіріп, оны желіден ажыратыңыз.

Назар аударыңыз:

1. Күйіп қалмау үшін жұмыс істеп тұрған қыздыратын пластиналарды ұстамаңыз.
2. Қыздыратын элементтерді үшкір өткір заттармен қыруға болмайды.
3. Құрылғыны жууға болмайды, абразивті немесе еріткіштерді пайдаланбаңыз. Оны пайдаланып болған соң құрғақ шүберекпен сүртіңіз.
4. Пайдаланып болған соң толық суығанша құрылғыны ыстыққа төзімді беттің үстінде қалдырыңыз.

Тазалау және күтім жасау

- Тазалар алдында құрылғыны желіден ажыратыңыз.
- Құрылғыны жинар алдында суытыңыз.
- Пластиналарды және корпусты тазалау үшін құрғақ шүберекті қолданыңыз.
- Қатты жуғыш заттарды, қырнауыш заттарды, химиялық тазартқыштарды, еріткіштерді және спиртті пайдаланбаңыз.
- Құрылғыны, оның қуаттау сымын тазалау мақсатымен суға батырмаңыз.
- Құрылғыны өзіңіз жөндеуге тырыспаңыз, уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (көлікпен), сату және кәдеге жарату ережелері және шарттары

- Құрылғы қандайда бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді талап етпейді.
- Құрылғының сақталуы өндірушінің және тұтынушының жылытылып тұратын панажайларында өндірушінің қаптамасында 5°C бастап 40°C дейінгі температурада және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын жерлерде жүргізілуі тиіс. Тұрғын-жайларда тотығуды туындататын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілерді булары) болмауы тиіс.
- Құрылғыны құрғақ ортада тасымалдау керек.
- Құрылғы мұқият күтім жасауды қажет етеді, оны шаңның, ластың, соққылардың, ылғалдың, оттың және т.б. әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сатылуы тиіс.
- Бұл бұйымды кәдеге жарату қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес жүзеге асырылуы тиіс. Бұл өнімнің дұрыс кәдеге жаратылуын қамтамасыз ете отырып, қалдықтардың бақылаусыз тасталуы нәтижесінде қоршаған ортаға және адам денсаулығына келтірілетін ықтимал зиянды болдырмауға және материалдық ресурстарды ұтымды пайдалануға көмектесесіз. Бұл өнімді қабылдау және жою пункттері туралы қосымша ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қалдықтарды шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.
- Құрылғыда ақаулық анықталған жағдайда дереу авторизацияланған сервистік орталыққа жүгініп хабарласыңыз немесе құрылғыны кәдеге жаратыңыз.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Нинбо Сайдин Электрик Эпплайенс Ко., Лтд.
Янье 999 тас жолы, Чжоусян, Цыси қ., Чжэцзян пров., Қытай.
Қытайда жасалған.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «DNS KAZAKHSTAN», г. Нұр-Сұлтан, пр. Сарыарқа, дом 12, офис 301С, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS KAZAKHSTAN» ЖШС, Нұр-Сұлтан қ., Сарыарқа даңғ., 12-үй, 301С-кеңсе,
Қазақстан.

Тауар Кеден Одағының техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді:

- КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электр магниттік сәйкестілігі»;
- КО ТР 004/2011 «Төменвольтты жабдықтардың қауіпсіздігі туралы».

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың 037/2016 ЕАЭО ТР «Электр техникасы және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданылуын шектеу туралы» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Бұйымның сыртқы түр-сипаты және оның сипаттамалары алдын ала хабарланбай өзгерілуі мүмкін.

Құрылғының жиынтықтамасы алдын ала хабарланбай өзгертілуі мүмкін.

Интернеттегі мекенжайы:

www.dexp.club



www.dexp.club